НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Есігі немесе есік нығыздауыштары зақымданған жағдайда, білікті қызметкерлермен ақаулық жойылғанға дейін пешті пайдаланбаған жөн.

- Аспапты жұмсақ қабатқа орнатпаңыздар, жұмыс жасау кезінде оны матамен немесе басқа да материалдармен жаппаңыз. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтанбау мүліктің құртылуына соқтыруы мүмкін.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады: құрылғы корпусының ішіне су немесе бөгде заттардың түсуі оны қатты зақымдауы мүмкін.

STOP *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұмыс кезінде аспап қызыйды! Абай болыңыздар!*

- Микротолқынды пештің ішкі камерасын тағамдарды пайдалану және басқа да бөгде заттарды сақтауға пайдаланбаңыз.

STOP *Микротолқынды пешті бос ішкі камерасымен қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ! Бұл аспаптың күрделі зақымдануына соқтыруы мүмкін.*

- Микротолқынды пешті айналу механизмінсіз, роликтік дөңгелек және шыны тостағансыз пайдалануға жол берілмейді. Бөлшектері сынған жағдайда сервис-орталыққа жүгініңіз. Өндірушімен ұсынылған бөлшектер мен қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланыңыздар.
- Микротолқынды пеште суды және басқа да сұйықтықтарды жылыту кезінде абау болыңыздар, себебі қайнау процесінсіз олардың температурасы 100°C және одан артық температураға көтерілуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында температурасы тұрақтану үшін сұйықтықты камераның ішінде 20-25 секундқа қалдырыңыз.
- Микротолқынды пештерде ас дайындау үшін жарамды ыдыстар мен аксессуарларды ғана пайдаланыңыздар. Металл ыдыс немесе жазбасы бар ыдыс, сонымен қатар тағамдар қаптамасында бөгде заттардың болуы (мысалы, металл қысқыштар) ұшқын шашу, аспап жұмысының

күрделі бұзылуына немесе тағамдардың бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP *ЕСКЕРТУ! Сұйықтықтарды және басқа да тамақтану өнімдерін герметикалық ыдыстарда жылытуға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін.*

- Тығыз жабылған ыдысты немесе вакуумдық қаптаманы пайдалануға болмады. Қаптаманың ішіндегі жоғары қысым жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тағам өнімдерін пластик немесе қағаз контейнерлерде жылытқан кезде өрттің пайда болу мүмкіндігі болғандықтан пешті қарап отырыңыз. Түтін пайда болған жағдайда аспапты сөндіру керек немесе қоректену көзінен ажырату керек, және өрт ауаның жетіспеушілігінен сөніп қалуы үшін, есікті ашау керек.
- Микротолқынды пештің жұмысы радио- және телесигналдарды қабылдауда ақаулар туғызуы мүмкін. Бұндай жағдайды болдырмас үшін, микротолқынды пеш пен теледидар/радиоқабылдағыштарды әртүрлі электржелілеріне жалғау керек және бекіткіш элементтерді әлсін-әлсін тағамның қалдықтарынан тазалап отыру керек.

STOP *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Микротолқынды пештің ішкі камерасында орналасқан және магнетронды қорғауға арналған слюданы өшіруге тыйым салынады.*

- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.
- Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге тыйым салынады!

STOP *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! Егер балаларға пешті пайдалану қауіпсіздігінің ережелері және оны дұрыс пайдаланбаған жағдай-*

да туындауы мүмкін қауіптіліктерді түсіндірген жағдайда ғана, балалар пешті үлкендердің бақылауынсыз қолдана алады.

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.
- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

ЕСКЕРТУ! Білікті маманнан басқа, кез-келген тұлғаға микротолқынды энергияның әсерінен қорғайтын қақпақты шешуге қатысты, қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша қандай да бір әрекеттер жасау қауіпті болып табылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты кез келген ақауларда пайдалануға тыйым салынады.



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Ыстық бет!

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі.....	RM-2301D
Атаулы қуаты.....	1250 Вт
Микротолқындардың шығыс қуаты.....	800 Вт
Кернеу.....	220-240 В, 50 Гц
Электр тоғына ұшыраудан қорғаныс.....	I дәреже
Микротолқындардың номиналдық жиілігі.....	2450 МГц
Ішкі камера көлемі.....	23 л (дм ³)
Корпус материалы.....	металл, айнек, пластик
Ішкі камера жабындысы.....	полимерлік
Дайындаудың максималдық уақыты.....	95 мин
«Гриль» режимі.....	бар
Әзірлеудің автоматтық бағдарламаларының саны.....	8
Сағат.....	бар
Таймер.....	бар
Тез старт.....	бар
Түймешіктерді бұғаттау.....	бар
Жарықталу.....	бар
Салмағы бойынша/ уақыт бойынша еріту.....	бар
Кезең-кезеңден әзірлеу функциясы.....	бар
Индикациясы.....	дыбысты
Аспаптың габариттің мөлшері.....	485 × 410 × 293 мм
Ішкі камераның габариттік мөлшері.....	314 × 347 × 201 мм
Айналатын шыны ыдыс.....	Ø270 мм
Нетто салмағы.....	14 кг ± 3%
Электр шнурының ұзындығы.....	1 м

Жинақ

Микротолқынды пеш.....	1 дана
Роликтік дөңгелек.....	1 дана
Шыны ыдыс.....	1 дана
Грильге арналған тор.....	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	1 дана
Сервисті кітапша.....	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

Аспаптың құрылымы (А1) сурет, 4 бет)

- | | |
|-------------------------|---------------------|
| 1. Есік | 4. Қарау терезесі |
| 2. Тұтқа | 5. Ішкі камера |
| 3. Блоктау фиксаторлары | 6. Айналу механизмі |

- | | |
|---|--|
| 7. Дисплей | 14. түймешігі – параметрдің мәнін арттыру |
| 8. түймешігі – қуатты реттеу | 15. түймешігі – параметрдің мәнін азайту |
| 9. түймешігі – «Гриль» режимін, құрамдастырылған режимдерді таңдау | 16. түймешігі – іске қосу, 30 секунд қадамымен уақытты күйге келтіру, енгізілген күйге келтіруді растау |
| 10. түймешігі – салмақ бойынша жібіту режимін күйге келтіру | 17. Электр энергиясы үшін шнур |
| 11. түймешігі – уақыт бойынша жібіту режимін күйге келтіру | 18. Шыны ыдыс |
| 12. түймешігі – сағатты/таймерді күйге келтіру | 19. Грильде әзірлеу үшін тор |
| 13. түймешігі – стоп/түсіру | 20. Роликтік дөңгелек |

Дисплей (А2 сурет, 5 бет)

1. Микротолқынды энергияның индикаторы
2. «Гриль» режимінің индикаторы
3. Уақыт бойынша жібіту индикаторы
4. Салмақ бойынша жібіту индикаторы
5. Әзірлеу индикаторы
6. ақытты белгілеу индикаторы
7. Таймер функциясының индикаторы
8. Әзірлеудің автоматтық бағдарламаларын таңдау индикаторы
9. Уақыттың, салмақтың, автоматтық бағдарлама нөмірінің индикаторы
10. Басқару панелін бұғаттау
11. Автоматтық бағдарламалар үшін салмақты белгілеу индикаторы
12. Автоматты бағдарламаны орындау индикаторлары

I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қорықтан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.

Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!

Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.

Электр бауды толық жайыңыз. Аспап корпусын ылғал матамен сүртіңіз. Шешілмелі бөлшектерді сабынды сумен жуыңыз, аспаптың барлық элементтерін электр желіге қосаралдында мұқият кептіріңіз. Әзірлеудің алдында құрылғы сыртқы және көзге көрінетін ішкі бөліктерінде зақым, жарық және басқа ақау жоқтығына көз жеткізіңіз. Аспапты жинаңыз

және А3 схемасының ұсыныстарына сәйкес оны тегіс қатты құрғақ горизонталь қабатқа орнатыңыз (6 бет). Микротолқынды пештің аяқтарын алмаңыздар.

II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жалпы ұсыныстар

Дайындау және жылыту кезінде әрдайым шыны ыдысты және роликтік дөңгелекті пайдаланыңыз.

- Азық-түліктерді тек шыны ыдысқа ғана салыңыз. Шыны ыдыс пен дөңгелектің басқа бөгде заттармен блокталуымен қадағалап отырыңыз.
- Тамақты дайындаған кезде немесе азық-түліктерді жылытқан кезде минималдық уақытты орнатып отырыңыз, керек болған жағдайда оны аздап арттырып отырасыз.
- Шашырауды болдырмас үшін және тамақ қалдықтарының микротолқынды пештің корпусына түсуін болдырмас үшін, азық-түліктердің бетін жауап отырыңыз.
- Дайындау кезінде тағамдарды бұрып және араластырып отырыңыз. Дайындау уақытын қысқарту үшін ірі тағамдарды кесіп отырыңыз. Жылыту кезінде тамақты араластырып отырыңыз, себебі жылыту кезінде тамақтың жаны ортасына қарағанда тезірек жылыды. Тағамдарды ыдысқа бір қабат қылып салыңыздар, үлкен кесектерді жандарына, ал ұсақ кесектерді- ортасына салыңыздар.
- Балалар тамағы бар банкалар мен тамақтандыруға арналған балалардың бөтелкелерін араластырып отырыңыз. Күйіп қалуды болдырмас үшін, тамақтандырар алдында міндетті түрде қоспаның температурасын тексеріңіз!
- Микротолқынды пеште қабығы бар немесе қалың қабатты өнімдерді жылытпаңыздар (жұмыртқа, картоп, алма, сосиска, тұтас асқабақ, бауыр сияқты), себебі олар микротолқынды пеш жылытып болған соң да жарылуы мүмкін. Мұндай тағамдарды дайындар алдында тесіп алған дұрыс болады.
- Ыстық өнімдермен жұмыс жасағанда абай болыңыздар. Жылытқаннан кейін микротолқынды пештен ыдысты алып шығу үшін асуіге арналған қолғаптарды пайдаланыңыздар.
- Микротолқынды пештің ішкі камерасына оны пайдаланудан кейін бірден жұғыспаңыз.
- Вентиляциялық саңылаулар әрдайым ашық кеңістікте екендігіне назар салып отырыңыз. Олай болмаған жағдайда аспаптың қызып кетуі, оның зақымдануы немесе жұмыс қатарынан шығып қалуы мүмкін. Қысқа тұйықталуларды болдырмас мақсатында микротолқынды пештің вентиляциялық саңылауына судың түсуіне жол бермеңіз.
- Әзірлеу үдерісін болдырмастан енгізілген баптамаларды нөлге түсіру үшін батырмасын басыңыз.

Микротолқынды пеште дайындауға жарамды материалдар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Микротолқынды пеште дайындауға және жылытуға арналған ыдысты ғана пайдаланыңыздар.

Асүй ыдысы	Егер бұл өндірушімен келісілген болса, микротолқынды пеште тағамды дайындауға арналған. Жарықтары немесе ақаулары бар, сонымен қатар жазбасымен ыдыстарды пайдаланбаңыздар
Фаянс/фарфор	Алтын немесе күміс шандатуымен, сонымен қатар безендірілген металл элементтерімен ыдыстан басқа, микротолқынды пеште тағамдарды дайындауға арналған
Шыны ыдыс	Егер ол ыстыққа төзімді шыныдан жасалған жағдайда ғана, микротолқынды пеште тамақ дайындауға арналған. Фигуралық шыныдан жасалған ыдысты пайдаланбаңыздар, себебі ол жоғары температурада жарылып кетуі мүмкін
Термотұрақты пластик	Микротолқынды пеште тамақ дайындауға арналған. Майдың және қанттың жоғары қоспасымен тағамды дайындау немесе жылыту үшін термотұрақты пластиктен жасалған ыдысты пайдаланбаңыз. Тығыз жабылатын контейнерлерді пайдаланбаңыздар
Арнайы қаптама (қағаз, пластик, термотұрақты полиэтилен пакеттер)	Егер бұл өндірушімен келісілген болса, микротолқынды пеште тағамды дайындауға арналған

Микротолқынды пеште дайындауға жарамсыз материалдар

Металл ыдыс (алюмин, тот баспайтын болат және т.б.), тағамдық фольга	Ыдыс ұшқын шашуы мүмкін
Металл шандатылуымен ыдыс	
Тағамдарды сақтауға арналған тағамдық қабықша	Мұндай ыдыс жоғары температураның әсерінен формасын өзгертуі мүмкін
Термотұрақты емес пластик	Мұндай ыдыс жоғары температураның әсерінен формасын өзгертуі мүмкін
Лакпен жалатылған ыдыс	
Фигуралық және ыстыққа төзімсіз шыны	Мұндай ыдыс микротолқынды сәулеленуді жұтып алады, ал бұл оның жарылуына соқтыра алады
Меламин ыдыс	
Қағаздан жасалған ыдыс, сабаннан жасалған, тоқылған және ағаш ыдыс	Мұндай ыдыс өрт тудыруы мүмкін

Ағымдағы уақытты белгілеу

1. Микротолқынды пешті электр желісіне қосыңыз. Аспап дыбыстық сигнал береді, дисплейде «0:00» мәні пайда болады.
2.  түймешігін басыңыз, дисплейдегі сағаттың мәні жыпылықтай бастайды,  индикаторы жанады.  және  түймешіктерді баса отырып, 0-ден бастап 23 дейінгі диапазонда сағат мәнін беріңіз. Мәнді тез өзгерту үшін қажетті түймешікті басып, ұстап тұрыңыз.
3.  түймешігін басыңыз қайта, дисплейдегі минуттардың мәні жыпылықтай бастайды.  және  баса отырып, 0-ден бастап 59 дейінгі диапазонда сағат мәнін беріңіз. Шаманы жылдам өзгерту үшін қажетті батырманы басып, ұстап тұрыңыз.

4. Енгізілген күйге келтірулерді растау үшін  түймешігін басыңыз. Аспап күту режиміне ауысады, дисплейдегі  индикаторы сөнеді.



Енгізілген күйге келтірулерді жою үшін  түймешігін басыңыз.

Бір минут ішінде әрекетсіздік кезінде аспап күту режиміне ауысады, күйге келтірулер түсіріледі.

Аспаптың жұмыс істеу процесінде белгіленген уақытты көру үшін,  түймешігін басыңыз: ағымдағы уақыттың мәні 3 секунд бойы дисплейде көрсетілетін болады, содан кейін дисплей әзірлеу уақытын көрсетуге қайтып оралады.

Микротолқындар режимінде әзірлеу

1. Өнімді микротолқынды пешке салып, есікті тығыздап жабыңыз.
2. Қажеттілікке қарай сіз  түймешігін баса отырып, аспаптың қуатын реттей аласыз. Дисплейде  және  индикаторы жанады, мәндерді ауыстырып-қосу шеңбер бойынша болады:

Дисплейдегі мәндер	Қуат деңгейі	Пайдалану бойынша ұсыныстар
P100	100%	Сұйықтықты қайнату, көкөністерді, жемістерді, жүгері, пастаны дайындау
P80	80%	Құсты, етті, пісірмелерді дайындау, сүтті жылыту
P50	50%	Бұқтыру, пісірмелерді, шоколад кремін, жұмыртқа мен ірімшік, балық тағамдарын дайындау
P30	30%	Еттің, сорпаның кішігірім көлемін дайындау, май мен сары майды жұмсарту, еріту
P10	10%	Ыстық тағамдардың температурасын ұстау, баяу отта дайындау

3. Енгізілген өзгерістерді растау және әзірлеу уақытын белгілеуге ауыстыру үшін  түймешігін басыңыз.
4.  және  түймешіктерін баса отырып, әзірлеу уақытын 5 секундтан бастап 95 минутқа дейінгі диапазонда орнатыңыз.  түймешігін басқан кезде, әзірлеу уақытының мәні 5 минут орнату қадамымен максималды мәненен минималды мәнге азаятын болады.  түймешігін басқан кезде – орнату қадамымен көбейеді:
 - 0-ден бастап 1 минутқа дейін – 5 секунд
 - 1-ден бастап 5 минутқа дейін – 10 секунд
 - 5-тен 10 минутқа дейін – 30 секунд
 - 10-нан бастап 30 минутқа дейін – 1 минут
 - 30-дан бастап 95 минутқа дейін – 5 минут
-  *Бір минут әрекетсіздік кезінде аспап күту режиміне ауысады күйге келтірулер түсіріледі.*
5. Қыздыру процесін іске қосу үшін  түймешігін басыңыз, әзірлеу кезінде  және  индикаторлары жыпылықтайды.

- i** Аспаптың жұмыс процесі кезінде белгіленген қуатты көру үшін  түймешігін басыңыз: қуаттың мәні дисплейде 3 секунд бойы жыпылықтайтын болады.

Егер жұмыс процесінде аспаптың есігі ашық болған болса, аспап қыздыруды автоматты түрде тоқтата тұрады. Әзірлеуді жалғастыру үшін есікті жабыңыз және  түймешігін басыңыз.

- Ағымдағы процесі тоқтата тұру үшін,  түймешігін басыңыз. Жұмысты қайта жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз. Ағымдағы процесі жою және күту режиміне ауысу үшін  түймешігін екі рет басыңыз.
- Әзірлеу аяқталған соң аспап бес дыбыстық сигнал береді және күту режиміне ауысады.

Тез әзірлеу

Күту режимінде максималды қуатта қыздыру процесін тез іске қосу үшін  түймешігін басыңыз. Түймешікті әрбір келесі басу әзірлеу уақытын 30 секундқа ұзартатын болады (максималды уақыт – 95 минут).

- i** Сіз сонымен қатар уақыт бойынша микротолқындар режимінде және жібіту режимінде  түймешігін басумен әзірлеу уақытын көбейте аласыз.

Сіз сонымен қатар әзірлеу уақытын  және  түймешіктердің көмегімен күйге келтіре аласыз. Уақытты орнату режиміне ауысу үшін күту режимінде  түймешігін басыңыз. Әрі қарай,  және  түймешіктерін баса отырып, аспаптың жұмыс уақытын күйге келтіріңіз («Микротолқындар режимінде пайдалану» бөлімінің 4-тармағына ұқсас). Күйге келтіру аяқталған соң қыздыру процесін іске қосу үшін  түймешігін басыңыз. Жұмыс процесінде  және  индикаторлары жыпылықтайды.

«Салмақ бойынша жібіту» режимін белгілеу

-  түймешікті басыңыз, дисплейде «dEF1» жазбасы пайда болады,  және  индикаторлары жанады.
-  және  түймешіктерін баса отырып, өнімнің салмағын 100 г қадамымен 100 г бастап 2 кг дейінгі диапазонда орнатыңыз.  түймешігін басқан кезде саймақтың мәні көбейетін болады,  түймешігін басқан кезде – азаятын болады.
-  түймешігін басумен жібіту процесін іске қосыңыз. Жібіту процесінде  және  индикаторлары жыпылықтайды.

- i** Жібіту уақыты өнімнің салмағына сүйене отырып, автоматты түрде белгіленеді. Уақытты қолмен реттеу қол жетімсіз.

«Уақыт бойынша жібіту» режимін орнату

-  түймешігін басыңыз, дисплейде «dEF2» жазбасы пайда болады,  және  индикаторлары жанады.
-  және  түймешіктерін баса отырып, жібіту уақытын орнатыңыз («Микротолқындар режимінде әзірлеу» бөлімінің 4-тармағына ұқсас).

-  түймешігін басумен жібіту процесін іске қосыңыз. Жібіту процесінде  және  индикаторлары жыпылықтайды.

- i** Жібіту процесінде сіз  түймешіктерді баса отырып, жұмыс уақытын көбейте аласыз.

«Гриль» және «Комби» режимінде әзірлеу

-  түймешігін баса отырып, әзірлеудің керекті режимін таңдаңыз:

Дисплейдегі белгілеулер	Режим	Микротолқындардың қуаты	Грильдің қуаты
G, индикатор 	Гриль	0%	100%
C-1,  және  индикаторлары	Комби-1	55%	45%
C-2,  және  индикаторлары	Комби-2	36%	64%

- Растау және әзірлеу уақытын белгілеуге ауысу үшін  түймешігін басыңыз.
-  және  түймешіктерін баса отырып, жібіту уақытын орнатыңыз («Микротолқындар режимінде әзірлеу» бөлімінің 4-тармағына ұқсас).
- Әзірлеу процесін  түймешігін басумен іске қосыңыз, әзірлеу барысында  және  индикаторлары жыпылықтайды.

- i** Әзірлеу уақытының жартысы аяқталған соң «Гриль» режимінде аспап екі дыбыстық сигнал береді: микротолқынды пештің есігін ашыңыз және өнімді аударыңыз/араластырыңыз, есікті тығыздап жабыңыз және әзірлеу процесін жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз.

Кезең-кезеңмен әзірлеу

Аталған функцияның көмегімен сіз жұмыстың екі режимінің бірізді орындалуын күйге келтіре аласыз (мысалы, тағамдарды кейінгі әзірлеумен жібіту). Бұл үшін таңдалған кезеңді,  түймешігін баспай, тиісті бөлімнің нұсқаулықтарын қолдана отырып, күйге келтіріңіз. Екінші кезеңнің күйге келтіруін ұқсас жүргізіңіз, іске қосу үшін  түймешігін басыңыз, аспап берілген режимдердің орындауын бастайды. Әзірлеудің екінші кезеңіне ауысу кезінде аспап дыбыстық сигнал береді.

- i** Әзірлеу кезеңінің максималды саны – 2.
Әзірлеудің автоматтық бағдарламасы этаптардың біреуі ретінде таңдалуы мүмкін.

Әзірлеудің автоматтық бағдарламалары

- Күту режимінде автоматтық бағдарламаны таңдауға көшу үшін түймешігін басыңыз, дисплейде A-1 жазбасы пайда болады,   және  индикаторлары жана бастайды.
- Әрі қарай,  және  түймешіктерді баса отырып, вниздегі кестеге сәйкес автоматтық бағдарламаны таңдаңыз. Растау үшін  түймешігін басыңыз.   индикаторлары, таңдалған бағдарламаның нөмірі және индикаторы үнемі жанып тұрады.
-  және  түймешіктерін баса отырып, өнімнің граммдағы салмағын таңдаңыз (дисплейде «g» индикаторы жанады).

4. Әзірлеу процесін  түймешігін басып, іске қосыңыз.  индикаторлары және таңдалан бағдарламаның индикаторы үнемі жанатын болады, дисплей кері есептеуді көрсететін болады.

Бағдарламаның нөмірі	Бағдарлама	Салмақ	Дисплейдің индикациясы
A-1	Пицца (Pizza)	200 г	200
		400 г	400
A-2	Ет (Meat)	250 г	250
		350 г	350
A-3	Көкөністер (Vegetable)	450 г	450
		200 г	200
		300 г	300
A-4	Паста (Pasta)	400 г	400
		50 г (450 мл суға)	50
		100 г (800 мл суға)	100
A-5	Картоп (Potato)	200 г	200
		400 г	400
A-6	Балық (Fish)	600 г	600
		250 г	250
		350 г	350
A-7	Сусындар (Beverage)	450 г	450
		1 тостаған (120 мл)	1
		2 тостаған (240 мл)	2
A-8	Попкорн (Popcorn)	3 тостаған (360 мл)	3
		50 г	50
		85 г	85
		100 г	100

 Автоматтық бағдарламалардың жұмысы барысында сіз қуатты және жұмыстың уақытын реттей аласыз.

Таймер функциясы

Аталған функцияны әзірлеу уақытын қадағалау үшін пайдалануға болады.

-  түймешігін басыңыз, дисплейде «00:00» уақыттың мәні және  индикаторы көрсетіледі.
- ^ және v түймешіктерін баса отырып, жібіту уақытын орнатыңыз («Микротолқындар режимінде әзірлеу» бөлімінің 4-тармағына ұқсас).

- Енгізілген күйге келтірулерді растау үшін  түймешігін басыңыз. Аспап секунд бойынша кері есептеуді бастайды, дисплейде  индикаторы жыпылықтайды. Белгіленген уақыт аяқталған соң аспап бес дыбыстық сигнал береді және күту режиміне ауысады, егер сағат күйге келтірген болса,  индикаторы сөнеді. Дисплей ағымдағы уақытты көрсетуге қайтып оралады.

Басқару панелін бұғаттау

Қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аспапта түймешіктерді кездейсоқ басуды ескертетін, басқару панелін бұғаттау функциясы қарастырылған.

Басқару панелін күту режимінде бұғаттауды қосу үшін  түймешігін басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Аспап ұзақ дыбыстық сигнал береді, дисплейде  индикаторы жанады.

Бұғаттауды ажырату үшін дыбыстық сигналға дейін  түймешігін қайта басып ұстап тұрыңыз,  индикаторы сөнеді.

III. АСПАПТЫ КҮТУ

Құрылғыны тазаламас бұрын оның электр қуатынан өшірілгеніне және толығымен суығына көз жеткізіңіз.

 **Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

Тазалаған кезде абразивтік жабынды ысқыштарды және тағамға тиетін заттармен қолдану үшін ұсынылмаған кез-келген химиялық агрессивтік немесе басқа заттарды пайдаланбаңыз.

Аспапты әлсін-әлсін тазалап отырыңыз және тағам өнімдерінің кез-келген қалдықтарын тазалап отырыңыз.

 **Аспапты уақытында тазаламау қабаттың зақымдануына, қызмет мерзімінің төмендеуіне және пайдалану кезіндегі қауіпке соқтыруы мүмкін.**

Бұйым корпусын жұмсақ ылғал асханалық майлықпен немесе губкамен тазалаңыз. Ішкі камераны, есіктің бекіткішін жұмсақ маталарды және абразивті емес жуғыш заттарды пайдаланумен тазалаңыз.

 **Вентиляциялық саңылауға және аспаптың корпусына сұйықтықтың түсуіне жол бермеңіз!**

Роликтік дөңгелектерді және шыны ыдыстарды жұмсақ жуғыш заттармен жылы суда жуыңыз.

Аспаптың ішкі камерасын тазалау және жағымсыз иісті кетіру үшін:

- Жарамды ыдысқа 300 мл су құйыңыз және жарты лимонның шырынын қосыңыз.
- Ыдысты микротолқынды пешке салыңыз, максималдық қуатты және дайындау уақыты 5 минутты орнатыңыз.
- Аяқтаған соң аспаптың ішкі камерасын абайлап сүртіп алыңыз.

Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде аспаптың зақымдануына және/немесе қаптаманың бүтіндігін бұзуға соқтыра алатын, механикалық әсерлерге аспапты тигізуге тыйым салынады. Аспаптың қаптамасын су және басқа да сұйықтық тиюден сақтау керек.

IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Бұзылу	Мүмкін себептер	Жою тәсілі
Құрал жұмыс істемейді	Электрлік розеткада кернеу жоқ	Дұрыс электр розеткасына құралды қосыңыз
Құрал жұмыс істемейді	Аспаптың есігін жаппау керек	Аспаптың есігін тығыз жабыңыз. Есіктің жабылуына кедергі келтіретін бөгде заттардың және тағам қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз
Жұмыс кезінде қатты шу пайда	Шыны ыдыс және/немесе роликтік дөңгелек ластанды	«Аспапты қуту» бөліміне сәйкес аспапты тазалаңыз
Ішкі камераның жарықтандыруы күңгір түске айналды	Аспап төмен қуатта жұмыс жасайды	Бұзылу болып табылмайды
Жұмыс кезінде пластиктің иісі пайда болды	Жаңа құралдың кейбір бөлшектеріне қорғаныс жабыны жабылған	Иісі бірнеше рет қолданғаннан кейін кетеді



Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Кепілдік талоны қолдану нұсқаулығының соңында орналасқан!

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Өндіруші кепілдік кезеңі ішінде жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе бүкіл бұйымды ауыстыру қолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (сүзгілер және т. б.). Бұйымның қызмет мерзімі мен кепілдік міндеттемелердің жарамдылық мерзімі өндірілген кезден бастап немесе бұйым жасалған кезден бастап есептеледі (егер сатылған күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспаптың өндірілген кезі бұйым корпусындағы сәйкестендіру жапсырмасында орналасқан сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-ші және 7-шы белгілер айды, 8-ші – құрылғы шыққан жылды білдіреді.

0	0	0	0	0	1	1	2	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (1 – 2021 ж., 2 – 2022 ж. ... 0 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндірушінің белгілеген құралдың қызмет ету мерзімі бұйымды пайдалану қолданылатын техникалық стандарттар және осы KAZ нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылу шарттарында сатып алынған күннен бастап 3 жылды құрайды.

Орам, пайдаланушы нұсқаулығы, сондай-ақ құралдың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес утилизациялау керек. Мұндай бұйымдарды қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз.

КЕПІЛДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ШАРТТАРЫ

Осы бағдарлама тауар сатылған күннен 12 ай ішінде кепілдік міндеттемелерді қамтиды немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспаптың өндірілген кезі бұйым корпусындағы сәйкестендіру жапсырмасында орналасқан сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-ші және 7-шы белгілер айды, 8-ші – құрылғы шыққан жылды білдіреді. Тек клиент кепілдік қызмет көрсету шарттарын ұстанғанда ғана мерзімдер қолданылады. Осы кепілдік өнеркәсіптік және/немесе коммерциялық мақсатта пайдаланылатын бұйымдарға таралмайды. Сату кезінде сатушы кепілдік талонын дұрыс толтыруын, аппараттың сериялық нөмірін, сату мерзімін көрсетуін, мөр басуын, сонымен қатар

қол қоюын қадағалаңыз. Өнімді, жиынтықтылығын, техникалық жағдайын тексеріңіз, кепілдік шарттарымен танысып, қол қойыңыз.

Кепілдік талонында көрсетілген деректерге өзгеріс енгізуге, өшіруге немесе қайтадан жазуға болмайды. Кепілдік келесіден туындаған зақымдары бар бұйымдарға таралмайды:

- дұрыс пайдаланбау, ұқыпсыз қолдану, дұрыс қоспау, ілеспе нұсқаулықты ұстанбау;
- дұрыс пайдаланбау, ұқыпсыз қолдану немесе жазатайым оқиға себебінен туындаған механикалық, жылулық және басқа зақымдардан;
- тазалап және ауыстырып тұруды талап ететін сүзгілерді, шаң жинағыштарды және басқа бөліктер мен аксессуарларды уақытында тазаламаудан;
- ішіне бөгде зат, сұйықтық, жәндіктер, кеміргіштер және т.б. түсуінен;
- электр бауы зақымдануынан;
- осы бұйымды пайдалану ережелерінде көрсетілгенінен басқа кернеумен немесе қоректендіретін желінің стандартты параметрлеріне сәйкес келмейтін желіге қосудан;
- бұйым құрылымы өзгерістерін туындатқан біліксіз жөндеуден және басқа араласудан;
- тойтарылмас күш әсерінен (өрт, тасқын, найзағай және басқа);
- бұйымның ыстыққа төзімді емес бөліктеріне жоғары сыртқы температураның әсерінен;
- сериялық нөмірі өзгертілген, жойылған немесе анық басылмаған.

Кепілдік нақты тозу мерзімі бар тораптар, механизмдер мен аксессуарларға (шаң сорғыш щеткалары, мультипсіргіштердің металл табақтары мен күйікке қарсы жабындылары бар пісіруге арналған қалыптар, шырын сыққыштардың торпышақтары, пышақтар, қаптаршаң жинағыштар, ауыстырылатын сүзгілер, сусабындар, сұйықтықтар және т.б.), сонымен қатар аккумуляторлық қоректену көздеріне және қоректену батареяларына таралмайды. Пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес кепілдіктің әрекетіне аспапқа кезеңді қызмет көрсету бойынша жұмыстар жатпайды.

Сіздің аймақта сервистік орталықтардың бары туралы ақпаратты сондайақ www.redbt.com сайтынан нақтылауға болады. Қазақстан Республикасында пайдаланушы қолдау қызметі: тел. +7 777 747 40 44 (Қазақстан Республика бойынша телефон соғу тегін).



Печь микроволновая изготовлена по ТУ ВУ 100085149.182-2005.

Прибор по условиям безопасности в эксплуатации соответствует требованиям защиты класса I ГОСТ IEC 60335-2-25-2014.

Производитель: СООО «МИДЕА-ГОРИЗОНТ», 220014, Республика Беларусь, г. Минск, пер. С. Ковалевской, д. 52.

© RED. Все права защищены. 2023

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

PN.:16170000A76944

Заполняется фирмой-продавцом / Сатушы фирма толтырады

Дата продажи / Сатылған күні

Серийный номер / Сериялық нөмір

Фирма-продавец / Сатушы фирма

Подпись продавца / Сатушының қолы

Печать фирмы-продавца / Сатушы фирманың мөрі

**Изделие надлежащего качества, укомплектовано, технически исправно, претензий не имею. С условиями гарантии озна-
комлен.**

Бұйымның сапасы жарамды, жинақталған, техникалық жөн, шағымым жоқ. Кепілдік шарттарымен таныстым.

Подпись покупателя / Сатып
алушының қолы

УСЛОВИЯ ГАРАНТИЙНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

При продаже проследите, чтобы продавец правильно заполнил гарантийный талон, указал серийный номер изделия, дату продажи, поставил свою подпись и печать. Проверьте комплектность и техническое состояние изделия, ознакомьтесь с условиями гарантии и поставьте свою подпись. Не допускается вносить изменения, стирать или переписывать данные, указанные в гарантийном талоне.

Информацию о наличии сервисных центров в вашем регионе можно уточнить на сайте www.redbt.company. Служба поддержки пользователей в России: тел. 8 (800) 511-86-19 (звонок по России бесплатный).

Адрес организации, уполномоченной на принятие претензий от покупателей и производящей ремонт и техническое обслуживание изделия (ООО «РЭД»): 127247, г. Москва, Дмитровское ш., д. 100, стр. 2, этаж 7, пом. 47386.

Если вы недовольны качеством сервисного обслуживания (установленные требованиями Закона о защите прав потребителей сроки на устранение неисправностей по гарантии превышены, отсутствуют запасные части, некачественно выполнен ремонт и т. д.), обращайтесь в головной сервис-центр по телефону 8 (800) 511-86-19 или заполните форму на официальном сайте www.redbt.company. Благодаря обратной связи мы исправим возникающие недочёты, чтобы сервис был качественным, своевременным и удобным. Спасибо за вашу помощь.



Упаковку, руководство пользователя, а также сам прибор необходимо утилизировать в соответствии с местной программой по переработке отходов. После окончания срока службы не выбрасывайте прибор вместе с бытовыми отходами. Передайте его в специализированный пункт для дальнейшей утилизации. Проявите заботу об окружающей среде. Отходы, образующиеся при утилизации изделий, подлежат обязательному сбору с последующей утилизацией в установленном порядке и в соответствии с действующими требованиями и нормами отраслевой нормативной документации, в том числе в соответствии с СанПиН 2.1.7.1322-03 «Гигиенические требования к размещению и обезвреживанию отходов производства и потребления».

www.redbt.com

Сделано в Республике Беларусь

RM-2301D-RED-UM-2